

Мыңжас Н.К.¹, Сыдықова Ж.Т.²

¹e-mail: nmynzhaz@mail.ru ²e-mail: dalida_zh79@mail.ru

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан, Қызылорда қ.

СЫР ӨҢІРІ ЭПИГРАФИКАСЫ (Шиелі және Жаңақорған аудандары бойынша)

Мақалада Сыр өңірі эпиграфикасы туралы (Шиелі және Жаңақорған аудандары бойынша) зерттеулер нәтижесі баяндалады. Сыр өңірі эпиграфикасын зерттеу «Аймақ эпиграфикасы: рухани жаңғыру және ұрпақ сабақтастығы» тақырыбындағы ғылыми жобаны іске асыру барысында мүмкін болды. Сыр өңірінің эпиграфикасын зерттеудегі басты мақсат аймақ тарихына және отандық тарихнамаға қатысты жаңа дерек көздерін ашу және ғылыми айналымға қосу болатын. Зерттеу жұмысы барысында, яғни, эпиграфикалық мұраларды іздестіру, табу және оларды есепке алуда далалық зерттеу әдістері: далалық барлау, тіркеу, есепке алу және ауызекі материалдарды жинақтау әдістері қолданылды. Тіркеліп, есепке алынған эпиграфикалық мұралардағы араб тіліндегі жазулар қазақ тіліне аударылды. Зерттеулер нәтижесі көрсеткеніндей, Сыр өңіріндегі (Шиелі және Жаңақорған аудандарындағы) эпиграфикалық мұралар, негізінен, құлпытастардағы жазулар болып табылады. Олардың дені ескі қорымдарда, оның ішінде жергілікті халық киелі орын санайтын әулие кісілер жерленген қорымдарда шоғырланған. Құлпытастардағы ақпарат жерленген кісінің аты-жөні, руы, қайтыс болған жылы сияқты деректерді қамтиды. Сонымен қатар, құлпытастарда құран аяттары ойып жазылған. Жинақталған материалдар XIX ғ. – XX ғ. басындағы Сыр өңіріндегі рулардың орналасуы жайлы деректерді толықтыруға үлес қосатыны сөзсіз.

Түйін сөздер: эпиграфика, жазу, қорым, құлпытас, Сырдарья.

Mynzhas N.K.¹, Sydykova Zh.T.²

¹e-mail: nmynzhaz@mail.ru ²e-mail: dalida_zh79@mail.ru
Korkyt Ata Kyzylorda State University, Kazakhstan, Kyzylorda

Epigraphy of the Syr Darya land (on Shiely and Zhanakorgan regions)

The article highlights the results of a study on the epigraphy of the Syr Darya land (on Shieli and Zhanakorgan regions). The study of the epigraphy of the Syr Darya land became possible during the implementation of the scientific project «Epigraphy of the region: spiritual modernization and continuity of generations». The main purpose of the study of the epigraphy of the land of Syr Darya was the disclosure of new sources related to the history of the region and national historiography, as well as their inclusion in scientific circulation. In the course of research, the methods of field research were used: field exploration, fixation, accounting of epigraphic materials and the collection of oral materials. The inscriptions in Arabic fixed epigraphic heritage were translated into Kazakh. According to the research results, the epigraphic heritage of the land of Syr Darya (Shiely and Zhanakorgan regions) is mainly the inscriptions on the tombstones. Most of them are localized in the early cemeteries, including the burial grounds where the holy people are buried. Information in tombstones contains data such as name, gender, year of death of the buried. In addition, the verses of the Koran were carved in the tombstones. The collected epigraphic materials will certainly contribute to the completion of data on the location of the living in the Syr Darya region in the early XIX century-XX century.

Key words: epigraphy, inscription, cemetery, tombstone, Syr Darya.

Мынжас Н.К.¹, Сыдыкова Ж.Т.²¹e-mail: nmynzhaz@mail.ru ²e-mail: dalida_zh79@mail.ru

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, Казахстан, г. Кызылорда

Эпиграфика земли Сыра (по Шиелийскому и Жанакорганскому районам)

В статье освещаются результаты исследования по эпиграфике земли Сыра (по Шиелийскому и Жанакорганскому районам). Исследование эпиграфии земли Сыра стало возможным в ходе реализации научного проекта «Эпиграфика региона: духовная модернизация и преемственность поколений». Главной целью исследования эпиграфики земли Сыра было раскрытие новых источников, связанных с историей региона и отечественной историографии, также включение их в научный оборот. В ходе исследовательской работы были использованы методы полевых исследований: полевая разведка, фиксация, учет эпиграфических материалов и сбор устных материалов. Надписи на арабском языке в зафиксированных эпиграфических наследиях были переведены на казахский язык. Как показывают результаты исследований, эпиграфическим наследием земли Сыра (Шиелийский и Жанакорганский районы) в основном, являются надписями на надгробных памятниках. Большинство из них сосредоточены на ранних кладбищах, в том числе в могильниках, где похоронены святые люди. Информация в кулпытасах содержит такие данные, как имя, род, год смерти захороненного. Кроме того, в кулпытасах были вырезаны аяты из Корана. Собранные эпиграфические материалы, безусловно, внесут вклад в пополнение данных о расположении родов, проживавших в Сырдарьинском регионе в начале XIX в. – XX в.

Ключевые слова: эпиграфика, надпись, кладбище, надгробный памятник, Сырдария.

Кіріспе

Сыр өңірінің эпиграфикасы аймақ тарихын толықтыруда және отандық тарихнаманың «ақтандақ беттерін» ашуда тарихи-мәдени, этнографиялық және филологиялық тың деректер көзі болып табылады. Көп жағдайда эпиграфиялық жазбалар бейіттердегі құлпытастарда, сандықтастар мен мазар-кесенелерде кездеседі. Эпиграфикалар араб әліпбиі негізінде «төте жазу» арқылы қазақ, ішінара парсы тілдерінде жазылған. Зерттеу нысанына айналған эпиграфикалық мұралардың өңірде XVIII ғасырдан бастап кеңінен қолданыла бастағанын байқауға болады.

Жалпы қазақ эпиграфикасы тарихын зерттеу мәселелері XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінен басталады. Бұл зерттеулердің бағытында қазақтың тұңғыш ғалымы Ш.Ш. Уәлиханов тұр. Ш. Уәлиханов өзінің қысқа өмірінде қоғамдық ғылымдардың алуан саласында: тарихта, шығыстануда, географияда, этнографияда, экономикада, филологияда, өнертануда көптеген құнды еңбектер қалдырды. Шоканның «Қазақтың шежіресі», «Жоңғария очерктері», «Қазақтар туралы жазбалар», «Абылай», «Көне замандағы қазақтың қару-жарақ, сауыт-саймандары», «Даладағы мұсылмандық», «Қазақтағы шаман дінінің қалдықтары», «Қазақтың көші-қоны», «Оңтүстік Сібір тайпаларының тарихы туралы пікірлер», «Ыстықкөл күнделіктері» тағы басқа еңбектерінде Қазақстан мен Орта Азиядағы түрік халықтарының келелі мәселелері кеңінен

зерттелді және де зерттеулерде, мәселелер қою мен шешуде қазақ ғалымы дұрыс ғылыми бағыт ұстағаны кейінгі оқымыстылар зерттеулері арқылы расталды, бүгінгі күні де ғылыми мәні сақталды (Уалиханов, 1985).

Орта ғасырлардан бастап Қазақстан мен онымен шекаралас аймақтарда сол уақыттағы қоғамның рухани өмірінен хабар беретін түрлі жазба ескерткіштері ареалы айтарлықтай кеңейді. Тасқа қашалып жазылған мұндай жазбалардың біршамасы әлі де сақталған. Осындай үлгілерді зерттеу жазба дәстүрлерді зерделеуде маңызды орын алады.

Жазба деректерге қарағанда, ортағасырлық мәтіндерді оқу XVI ғасырдан басталған. Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің шығармасында баласағұндық заңгер имам Мұхаммедтің құлпытасы туралы хабарлама кездеседі (Мұхаммед Хайдар Дулати, 1999). XIX ғасырдан бастап ғылыми басылымдарда зерттеушілердің тасқа жазылған жазу туралы еңбектері жариялана бастайды. Бұл қазақ жеріне саяхатшылық, ғылыми, әскери, барлаушылық және дипломатиялық мақсатпен келгендердің жазбалары болса, солардың ішінде, әйгілі шығыстанушы В.В. Бартольдтің (Бартольд, 1966) зерттеу еңбектері аса құнды саналады.

Кең-байтақ Қазақстан жеріндегі жартас-тардағы әртүрлі бейне, таңба, көне жазуларды зерттеу, осы өңірді мекендеген ежелгі халықтардың тіл тарихы мен мәдениетін зерттеуде табылып жатқан мұраларды сипаттауға,

талдауға арналған Ғ. Мұсабаевтың, А. Махмутовтың, Ғ. Айдаровтың (Мұсабаев, 1971), Ә.К. Муминов пен А.Ш. Нұрманованың (Муминов, 2009; Муминов, 2015), Т.Т. Аршабеков, Ж.А. Жұмабеков, Т.С.Төлеуовтың (Аршабеков, 2007) еңбектерін айтып өтуге болады.

Қазіргі таңда әр өңірдің тарихын кешенді зерттеу, соның ішінде «Тұлғатану» сияқты тың бағытты жетілдіру үшін эпиграфиялық мәліметтердің алар орны орасан зор. Әдетте, дәстүр бойынша еліміздің қай өңірінде болмасын еңселі мазарлар мен кесенелер, ұйтамдар мен сағаналар, мұнара-белгілер өз заманында халықтың шексіз ықыласына бөленген таңдаулы тұлғаларға ғана қойылған. Өкініштісі, кеңестік кезеңдегі жоспарлы түрде жүргізілген жаппай ұлтсыздандыру саясатының салдарынан олардың маңызы төмендеді. Ал сол тарихи-мәдени ескерткіштердің өзі сәулет туындысы ретінде тиісті бағаланбады. Бүгінгі күнгі азат рух тұрғысынан эпиграфикалық зерттеулер жүргізу ұлт тарихындағы қасиетті елі мен киелі туған жеріне өлшеусіз қызмет жасаған тұғырлы тұлғалардың есімдерін қайта жаңғырту, өлке тарихын «жандандыру», ең бастысы Елбасымыздың «Рухани жаңғыру» идеясының тарихи-философиялық өзегі болып табылатын ата-бабаларымыздың биік рухына табыну және құрмет көрсету, олар қалдырған өнегелі өмір сүру салтын, яғни, тәрбие үлгісін өскелең ұрпағымен қайта қауыштыру айрықша әлеуметтік маңыз иеленіп отыр.

Жалпы эпиграфика тақырыбына қатысты зерттеулер аймақтағы мемориалды-сәулет өнерін дамытуға жол ашқан жазба мұралардың ғылыми айналымға енуіне жол ашып қана қоймай, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласынан туындайтын міндеттерді, соның ішінде «Туған жер» бағдарламасының іске асуын ілгерілетеді және «Рухани жаңғыру» идеясының тарихи-философиялық мәнін ашады. Отандық тарихнаманы жаңа дерек көздерімен толықтыруда эпиграфикалық деректердің маңызы зор.

Сыр өңірі эпиграфикасына арналған АР05131362 – «Аймақ эпиграфикасы: рухани жаңғыру және ұрпақ сабақтастығы (Қызылорда облысы материалдары бойынша)» атты жобаның мақсаты облыс территориясындағы қорымдарда XVIII ғасырдан бүгінге дейінгі араб әліпбиі негізінде және ішінара парсы, шағатай және татар тілдерінде жазылған эпиграфикалық мұраларды жинақтау және жүйелеу болатын. Эпиграфика мәселесі бойынша облыс көлемінде бұрын-

соңды ізденіс жұмыстары мүлдем жүргізілмеген болатын. Үстіміздегі 2018 жылы жоба орындаушылары эпиграфика мәселесіне қатысты әдебиеттермен, деректермен жұмыс жасады. Сонымен қатар, жобаның зерттеу тобы Қызылорда облысының Шиелі және Жаңақорған аудандарында далалық ізденістер жүргізіп, бұрын белгісіз болып келген бірнеше эпиграфикалық материалдарды жинақтады. Зерттеу барысында жұмыс тобының алдына мынадай міндеттер қойылған болатын:

а) Шиелі және Жаңақорған аудандары территориясындағы қорымдарды есепке алу және олардың географиялық координаттарын анықтау;

ә) табылған эпиграфикалық материалдарды хронологиялық шеңберде топтастыру және қазақ тіліне аудару;

б) жерлеу ғұрыптарының ерекшеліктерін ашу.

Аймақ эпиграфиясына тыңнан түрен салу – зерттеудің жаңа тәсілі ғана емес, күрделі методологиялық шешім. Күрделілігі сонда, қазір облыста қанша қорым барын ешкім анық білмейді. Ондай ресми есеп жүргізілмеген. Ол қорымдарда, әсіресе, кеңестік кезеңге дейін кімдердің жерленгені белгісіз.

Киелі орындар және олардың халықтың таным-түсінігіндегі мәні мен маңызы (Шиелі және Жаңақорған аудандарындағы далалық зерттеулер)

«Аймақ эпиграфикасы: рухани жаңғыру және ұрпақ сабақтастығы» тақырыбындағы жоба негізінде 2018 жылы Қызылорда облысының Шиелі және Жаңақорған аудандарында далалық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Далалық зерттеу жұмыстарының мәні аталған аудандар көлеміндегі эпиграфикалық материалдарды жинастыру, олардың орналасу нүктелерін анықтау болатын. Сонымен қатар, Шиелі және Жаңақорған аудандарындағы қорымдарды есепке алу, тарихи-мәдени ескерткіштердің қазіргі жай-күйімен танысу да зерттеу тобының алдына қойған мақсаттарының бірі болды.

Зерттеу жұмыстарының алғашқы қадамдары көрсеткендей, араб және парсы немесе басқа да жазулармен таңбаланған құлпытастар, яғни, эпиграфикалық материалдар негізінен аталмыш аудандар төңірегінде ертерек пайда болған қорымдарда орналасқан. Оның басты себебі – жергілікті халық өз туыстарын немесе руластарын жерлеуде халық арасында қасиетті орындар

болып саналатын әулие кісілердің немесе белгілі бір тарихи тұлғалардың жерленген жерлеріне, яғни, олардың мазарлардың айналасына қоюды дәстүрге айналдырған. Оның басты себебі, әрине, ерекше қасиетке ие болып, халық арасында құрметке бөленген әулие кісілердің шарапаты тисін деген мақсатта болса керек. Мұндай әулиелі орындар Шиелі ауданында Оқшы ата қорымы немесе Жеті әулие қорымы, Дәуіт ата қорымы, Бақты ата қорымы болса, Жаңақорған ауданында Қорасан ата қорымы, Қылышты ата қорымы және Сунақ ата қорымы болып саналады.

XX ғасырдың 50-60 жылдары жаңадан құрылған ауылдардың айналасындағы қорымдарда эпиграфикалық материалдар мүлдем жоқ деуге болады. Оның себебі – өткен ғасырдың 40-жылдарынан бастап қолданысқа енгізілген кириллицаның қолданыста болуы. Жаңа қорымдардағы бейіттердің басына қойылған көктастардың барлығы кириллица графикасымен жазылған.

Шиелі ауданы территориясында жүргізілген зерттеулер жергілікті тұрғындардан ауызекі материалдар жинақтаумен басталды. Бұл тұрғыда Шиелі аудандық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері Әбуов Бекболат Темірәліұлының деректері біраз бағыт-бағдар алуға көмектескенін айта кету керек. Б. Әбуов – Шиелі ауданының тарихын, археологиялық, тарихи-мәдени ескерткіштерін, ауданнан шыққан тарихи тұлғалардың өмір тарихын зерттеп, жергілікті баспасөзде жариялап келе жатқан аудандағы білікті өлкетанушы. Оның топшылауынша, аудан көлеміндегі ескілікті бейіттер негізінен Оқшы ата, Дәуіт ата қорымында шоғырланған. Бұл бейіттердің өзі кезінде көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан тұрғындардың қыс айларында осы төңіректі қыстаған уақытында қойылған болса керек.

Оқшы ата қорымы (географиялық координаттары 44°17'08''N 66°32'15''E). Бұл орын тек қана Шиелі ауданы халқы үшін ғана емес, түгел Сыр бойы үшін қасиетті орын саналады. Бұл қорым халық арасында «Жеті әулие қорымы» деп те аталады. Бұл қорымда Оқшы атадан бөлек Асан ата, Қыш ата, Ғайып ата, Есабыз әулие, Досбол датқа мен Бала би сынды халық аса құрметтеп, қадірлейтін кісілер жерленген. Бұл адамдардың барлығы өмірде болған, ертерек уақытта халыққа пайдасын тигізген жандар деп айтылады.

Оқшы ата. Ел жадында сақталған аңыздарда оның шын есімі Көгентүп деп айтылады. Кейбір

деректерде Ыбырайым деп аталады. Өзі ел ішінде тұлғалы батыр ретінде танылған. Бір аңызда ол дін жолына түсіп ілім іздеп кеткенде еліне жау шауыпты. Жаудың патшасы жұрттың барлығын қан қақсатып, ұлын құл, қызын күң етіп, малын талан-таражға салған көрінеді. Ақырында ойы Оқшының қарындасына түсіп, оған қол салмақ болады. Не істерін білмеген қыз бір төбенің басына шығып, жан даусымен айқайлап, ағасынан көмек сұрайды. Бұл кезде Оқшы батыр Түркістанда жүр екен. Қолына бір уыс арпаның қабыршағын алып үрлепті. Сол кезде жау билеушісі ғайыптан қаза болған. Емшілердің барлығы патшаның неден өлгенін білмей дал болады. Сол кезде қарындасынан хабар келісімен жолға шыққан Оқшы батыр елге келіп патшаны өзі өлтіргенін, сенбегендерге патшаның ішін жарып жүрегін көруге болатынын айтады. Мүрдені ашып көрген емшілер патшаның жүрегінде арпаның қабыршағы қадалғанын көріпті (Батырбеков, 2017).

Оқшы ата туралы зерттеушілердің бірі Ә. Қоңыратбаев Оқшының «Қорқыт Ата кітабының» кейіпкерлерінің бірі болуы оның тарихи тұлға екеніне дәлел болады деп атап көрсеткен. Сондай-ақ, оны оғыз-қыпшақтың ханы Қазан Салордың батыры әрі қару-жарақ шебері болған дейді. Сонымен қатар, Ә. Қоңыратбаев Оқшы атаның 1043 жылы өмірден өткенін және өзінің аты берілген мазаратта жерлегенін айтады (Елеуов, 2013).

Асан ата. Мазаратқа жерленген екінші ірі әулие Асан ата туралы да екіұдай пікір, деректер қайшылығы бар. Оқшы ата туралы деректердегі Қазан (Хасан, Асан) хан Оқшымен бірге аталады, қатар өлген, бірге жерленген. Кейбір өлкетанушылар Оқшы ата қорымындағы Асан ата оғыздардың ханы Қазан болуы әбден мүмкін дейді (Дүйсебай, 2018). Оқшы ата қорымындағы еңселі мазар да осы Асан атаныкі. Асан ата күмбезді мавзолейі екі иықты күмбезді құрылыс, күйдірілген қызыл кірпіштен қаланып, 9,5x10,5 м көлемде тұрғызылған. Биіктігі 7,6 м. Халық арасында Асан атаны жерұйықты іздеген Қазақ хандығы дәуіріндегі Асан қайғы деп болжам жасаушылар да бар (Исаева, 2014: 17). Оқшы ата қорымындағы Асан ата мазарына қойылған ескеркіш тақтада XVI ғ. деп көрсетілген.

Ғайып (Қайып) ата. Оқшы ата қорымындағы ең көне кесене Ғайып атаныкі. Кезінде Қайып ата атанған бұл кісі IX ғасырда оғыз-қыпшақ заманында өмір сүрген, кесенесі де сол тұста салынған деген пікір бар. Кесене түгелге жуық бұзылған. Бұл күндері тек іргетасы іспетті

бірнеше кірпіш қаландыларының қалдықтары сақталған.

Қыш ата. Оқшы ата қорымындағы әулиеге баланған бір кісі – Қыш ата. Оның өмір сүрген уақыты белгісіз. Асқан ісмерлігіне байланысты өз аты ұмытылып, Қыш ата атанған деседі халық аузындағы деректер. Халық жадында сақталған деректер бойынша Қыш атаның қолынан шыққан күйдірілген кірпіштар Яссы, Сайрам, Сауран, Фараб, Испиджаб, Құмкент, Сүткент, Сығанақ Өзгент, Баршынкент, Жент, Бестам сынды шаһарларға таратылған деседі. Осы деректерге қарағанда Қыпшақ дәуірінде не монғол шапқыншылығы қарсаңында өмір сүрген деп болжам жасауға болады. Кесененің күмбезі сақталмаған. Тек бірнеше қатар кірпішпен өрілген қабырға қалдықтары сақталған.

Есабыз әулие. Есабыздың киелі, халыққа танымал болғандығының бір белгісі – оның басына тұрғызылған кесененің еңселілігі. Оқшы ата қорымындағы Оқшы ата және Асан ата мазарларынан кейінгі биік те еңселі кесене осы Есабыз әулиеге тұрғызылған. Есабыз әулиенің өмір сүрген уақыты жайлы нақты дерек жоқ. Есабыз әулие туралы бір-біріне қарама-қайшы екі пікір бар. Оның біріншісі – әулиені Оқшы ата заманында XI ғасырда тірлік еткен, жасы кіші деседі. Бірақ есабыз әулие жайлы әңгімелердің басқа әулиелерге қарағанда егжей-тегжейлі сақталып, осы күнге жетуі және оның шыққан тегі туралы деректің халық жадында сақталуы оның тым беріде өмір сүргенін аңғартса керек. Шежіре бойынша Есабыз әулие Қара қыпшақтың Торы, одан Әлпейіс, одан Түйшіке, одан Қойбар, одан Көзей, одан Абыз аталығына жатады. Есабыздың әулиелермен, әруақтармен тілдесетін қасиеті болған. Бір күні Оқшы ата Есабыздың түсінде аян беріп:

– Пәниліктен бақилыққа өткенінде менің қасыма кел, қатар жатамыз, – дейді.

Есабыз айтады:

– Сіздің сұсыңыз басым, менің иім жұмсақ, тілек тілеп келгендердің көңілін жықпаймын, жараспай қаламыз ба деп қиналамын, – депті.

– Алаң болма, біздің атымызды атап келгендердің тілегін Алладан бірге сұраймыз, – депті.

Бір күні Есабыз сырқаттанады. Жаз мезгілі екен. Көңілін сұрай келгендерге:

– Көп ұзамай мен дүниеден өтемін. Мені Оқшы атаның жанына апарып жерлендер, – деп өтініш айтады.

Келген ағайын дағдарып:

– Оқшы ата күншілік жер. Күн болса ыстық. Сізді қалай жеткіземіз? – дейді.

Сонда Есабыз:

– Мен көз жұмған күні көлік өзі келеді, қам жемендер, қиналмайсындар, – депті.

Шілденің қайнаған ыстығында Есабыз дүниеден өтеді. Айтқандайын, ақ киімді, ақ сәлделі, ақ түйе жетектеген бір кісі келеді. Ел-жұрт киіз үйдің керегесін табыт қылып мәйітті жайластырады. Кереге табытты түйенің үстіне қойғанда ол байламай-ақ тұрып қалған екен.

Қазашылар мәйітті алып жолға шыққанда бір үйдің аумағындай бұлт үйіріліп, Есабыздың үстіне көлеңке болып, бүкіл жол бойы ереді де жүреді. Жолға шыққандар Оқшы ата қорымына қиналмай жетіпті. Түйені шөгеріп, табытты жерге қойғаннан соң әлгі түйелі кісі жоқ болып кетіпті. Бұл Есабызды өзінің қасына әкелген Оқшы атаның рухы екен деседі. Көнекөз қариялардың айтуынша, киелі Есабыз әулиенің халқына тигізген пайдасы көп болған. «Кім мені есіне алып, атымды атаса, сол менің балам, соның жебеушісімін. Келіндерім Көзді ата деп сиынса, тілектері қабыл болады» дейді екен (Дүйсебай, 2018).

Досбол датқа. Досбол датқа Қорлыбайұлы 1800 жылы Жөлек өңірінде дүниеге келген. Арғы атасы – көзей қыпшақ. Сыр бойын мекендеген елдің теңдігі мен тыныштығы үшін ат үстінен түспеген белгілі жан, даулы мәселенің қисынын тауып қиып айтатын беделді би, буынсыз қызыл тілдің қызығына ермей, қызырын ел мен жердің еңсесін көтеруге арнаған, шашасына шаң жұқпас шипа сөзді шешен.

Жасы 30-дан аса бергенде Қоқан ханының пәрменімен өз руына датқа болып тағайындалған Досбол шешен олардың қоқан-лоққысынан қорқып-үрікпей, өз аймағын, ағайындарын қорғай білген. Оның кім болғандығын өзінің:

Жас кезімде датқа болдым,

Жалпы жатқан қазақ пен сартқа болдым.

Қызметім жаққан соң,

Қалың ел үшін атқа қондым, –

деген сөздерінен аңғаруға болады.

Досбол датқаның елі үшін ерінбей еңбек еткеніне:

Рас, мен қара ағаштай қатушы едім,

Сендей талай билердің есінен қалмастай етіп,

Шымбайына батұшы едім.

Қарайғанды ескермей,

Қақиганды хан көрмей,
Елдің шетінде, жаудың бетінде жатушы едім, –

деген сөздері куә.

Қара қылды қақ жарған Досбол датқа 1890 жылдары 90 жастан асып барып дүние салады. Туралығынан танбаған Досбол датқаны халық әулие санап, аса құрметтеген (Исаева, 2014: 19).

Бала би шешен (шын аты Бименбет Есенәліұлы) 1811-1875 жылдар шамасында өмір сүрген. Бала би әкесі Есенәліден 13 жасында жетім қалып, әкесінің інісі, бұлтың қыпшаққа аға болған Арғынбайдың атын ерттеп, қасына еріп жүреді. Сөйтіп жүріп Арғынбай бидің тәрбиесін алады. Жасынан ел мен жер дауына ерте араласып, Бал би атанады.

Сыр бойын билеген Қоқан ханы қыпшақтарға датқа қою үшін көзей Тұрғанбай мен бұлтың Арғынбай биді шақыртыпты деседі. Елден алым-салық жинайтын датқалықтан бас тартқан Тұрғанбай мен Арғынбай жастарының ұлғайып қалғанын айтып, орындарына Бала би мен Досболды ұсынады. Сөйтіп көзей қыпшаққа Досбол би Қорлыбай баласы, бұлтың қыпшаққа Бала би Есенәлі баласы датқалыққа сайланады.

Данышпанның сөздері,
Қараулы қар жолмен тең.
Надандардың сөздері,
Асуы жоқ ормен тең, –

деп дана билігімен халыққа сыйлы болған Бала би жас та болса үлгілі істерімен Сыр бойы халқының алғысына бөленген. Бейіті Оқшы ата қорымында (Исаева, 2014: 20).

Оқшы ата қорымына барлау жұмыстарын жүргізген уақытта көзге түскен ерекше кесенелердің бірі *Қабыл ата кесенесі*. Өлкетанушы Бекболат Әбуовтың дерегінше, Қабыл ата от ауызды, орақ тілді шешен, аузының дуасы бар батагөй, айтқаны мүлт кетпейтін кісі болса керек. «Берген баталары әрдайым қабыл болып тұрғандықтан, осы жанама атқа ие болды ма, әлде бұл осы кісінің шын есімі ме, ол жағы белгісіз» дейді Б. Әбуов. Қабыл ата XI ғасыр шамасында өмір сүрген деп жорамалданады. Кесененің сыртқы пішініне және оның сақталу деңгейіне қарап, ол өте ертеректе тұрғызылған деп есептеледі.

Шиелі ауданында жүргізілген зерттеулердің келесі бөлімі Ортақшыл ауылы жанындағы *Дәуіт ата* қорымында жалғасты. Қорым осы жерге жерленген Дәуіт ата атымен аталады. Дәуіт ата ел ішінде әулие деп танылған. Халық оның

басына барып зиярат етеді, мал шалып, құран бағыштайды. Бірақ оның кім, қай заманның адамы екенін ешкім дөп басып айта алмайды. Шиелі перзенті, жазушы Оразбек Сәрсенбай өзінің Нартай Бекежанов туралы жазылған «Шамшырақ» романында ел аузындағы азынаулақ аңыздар негізінде «Дәуіт батыр» деген тақырыппен тарау арнаған. Оқиға желісі бойынша Дәуіт XIX ғ. ортасында өмір сүрген, қыпшақтың Торы тармағының Шағыр әулетінен делінеді. Дәуіт батыр елді қоқандықтардан азат ету жолында шейіт болған. Оның өлігін іздеп даладан тапқан уақытта бірнеше тәулік бұрын мерт болған батырдың денесі бұзылмақ тұрмақ, шілде айы болса да бірде бір дақ түспеген екен. Жай ұйықтап жатқан адам секілді болса керек. Ең кереметі – жүрегіне найза қадалған жігіттің өзін іздеген ағайындарына «мен мұндамын» деп дыбыс беруі. Сол арада Дәуіттің денесін жерошақтан шығарып алған ағайындары: – Апырым-ай, бұл нағыз әулие екен ғой. Өліп жатса да денемді ит-құс қорламасын деп белгі бергенін қарашы, – деп танданыпты. Қапыда мерт болған жігітті дария жағасына әкеп, арулап жерлеген. Содан бері бұл жер киелі саналып, халық зиярат етіп, адамдарды жерлей бастаған. Кесенеде Дәуіт атаның өзіне қойылған құлпытас сақталмаған. Кейінгі ұрпақтары жасатқан көктас кесене қабырғасына орнатылған.

Далалық зерттеулердің келесі кезеңі Шиелі ауданы Қызылқайың ауылынан 800 м жердегі *Бақты ата* қорымында жалғасты. Қорым Сырдарияның сол жағалауында орналасқан. Қорымға жету үшін Сырдариядан паром арқылы өтуге тура келді.

Бақты атаның аты жергілікті халық арасында әулие адам ретінде сақталған. Бірақ ол туралы нақты дерек не аңыз-әңгімелер білетін жандарды кездестірмедік. Баспасөз беттерінде де «Бақты ата қасиетті адам болған» дегеннен басқа ауқымды материалдар табылмады. Қорымның біраз бөлігін қалың сексеуіл басып кеткен. Арасынан адамның жүріп өтуі қиын жағдайда. Дегенмен, қорым ортасындағы Бақты атаның бейіті деп ескерткіш тақта орнатылған орынды іздеп таптық. Ескі бейіт кезінде қам кірпіштен тұрғызылған. Қазіргі күні тек бірнеше қатар кірпіштен өрілген жартысынан аз бөлігі ғана қалған. Бейіт басына ескерткіштің мемлекет қорғауына алынғандығы туралы ескерткіштің қорғау тақтасы орнатылған. Ескерткіш тақтадағы мәлімет бойынша Бақты атаның өмір сүрген уақыты XVII – XVIII ғғ. мазар басына өскен сексеуілдің бұтағына ақ шүберектер

байланған. Бұл, әрине, Бақты ата мазарына зиярат етіп келушілердің бар екендігінен хабар береді.

Далалық зерттеу жұмыстары Жаңақорған ауданы территориясында да жалғасты. Жаңақорған ауданының жері де – ортағасырларда саяси-мәдени маңызы болған тоғыз жолдың торабы. Бұл аудан территориясында көптеген ортағасырлық қалалар, архитектуралық ескерткіштер шоғырланған. Сонымен қатар, бұл аймақта халық қасиетті деп санайтын әулиелі, киелі жерлер де бар. Шиелі ауданындағы зерттеулер көрсеткеніндей, мұнда да ХХ ғасырдың басына дейінгі қайтыс болған кісілерді халық қасиетті, киелі деп санайтын белгілі адамдардың бейіттерінің жанына жерлеу қалыптасқан. ХХ ғасырдың ортасынан бергі уақыттағы қорымдар кейін пайда болған ауылдар маңайына орналастырылған. Бұл қорымдарда ескі зираттар мүлдем жоқ. Ескі зираттар шоғыры бар орындар – *Хорасан ата* және *Төлегетай-Қылышты ата* қорымдары. Бұл орындар тек Сыр бойы халқы үшін ғана емес, Қазақстанның өзге де өңірлерінде тұратын қазақтар үшін қасиетті, киелі деп танылған. Мұнда, әсіресе, Хорасан ата басына келіп зиярат етушілер легі еш толастаған емес, күнделікті ондаған адамдар келіп, баба әруағына арнап мал шалып, құран бағыштап, тілек тілеп жатады.

Хорасан ата (шын аты Абдулжалил баб) – Пайғамбарымыз Мұхамедтің немере інісі әрі күйеу баласы Хазіреті Алидің Мұхамед Ханафия – Абд ул-Фаттах – Абд ул-Жаббар – Абд ул-Қаһар – Абд ул-Рахманнан кейінгі алтыншы ұрпағы. Орта Азия мен Қазақстанға ислам дінін әкелуші үш баб Шамна (Сирия) шығып Шамотқа, одан Хорасанға (Иран) келеді. Хорасаннан Балхқа, одан Ауғанстанға, одан Бұхараға, Самарқанд және Шаш қалаларына келіп мұсылман дінін таратады. Шаш қаласынан кейін үшеуі үш жаққа бөлінеді. Абд ар-Рахим баб Арғу, Тараз, Жетікент еліне, Ысқақ баб Сайрам (Испиджаб), Қарғалық елдеріне аттанады. Ал Абд ул-Жалил баб Сыр бойын жағалай Сүткент, Отырар, Яссы, Сауран, Сығанақ және Өзгент, баршынкент қалаларының халқын ислам дініне енгізеді. Сафи ад-дин Орун Қойлақидың «Насабнамалар» мен хорасан қожалар шежіресінде аталған үш бабтың ислам діні аша келген уақыты хижраның 150 жылы делінген, яғни, ол қазіргі жыл санаумен 767-768 жж. болып есептеледі. «Насабнамадағы» мәліметтер 27 мөрмен дәйектелген. Абд ул-Жалил бабтың Хорасан ата

аталуын зерттеушілер оның Хорасан жерінде билеуші болғандығымен және адамдарды өлімге душар ететін «хорасан дағы» бар шешек ауруын емдеп-жазуымен байланыстырады (Айтжанов, 2014а).

Төлегетай-Қылышты ата мазар-кешені (географиялық координаттары 43°45'479''N 66°54'86''E) Жаңақорған ауданының Қыркеңсе ауылынан 7-8 шақырым қашықтықта орналасқан. Бұл орын да ел арасында киелі мекен саналады. Хорасан атаға барар жолда орналасқан бұл орынға да зиярат етушілер тоқтамай кетпейді.

Төлегетай Сүйінішұлы – Найман бабаның (Ақсопының) ұрпағы. Найманның Белгібай, одан Сүйініш, Сүйініштен Төлегетай туады. Бүгінде төрт Төлегетай атанатын найман руының Қаракерей, Матай, Садыр, Төртуыл аталықтары осы Төлегетай бабадан тараған. Төлегетай өз заманында қол бастаған батыр, ел игілігіне қызмет еткен қайраткер болған екен. Төлегетай аты аңызға айналған Қылышты атаға өкіл бала болыпты. Сол әулеттің тәрбиесін алып, қойын бағады. Бірде Қылышты ата сынамаққа Төлегетайдың сыртынан байқаса керек. Сонда Төлегетай сусыз құм ортасында таяғымен жерді сызып, су шығарып, малдарды суарып жүр екен. Баланың жетілгенін біліп, Қылышты ата өзінің қызын беріп, күйеу бала етеді. Дүниеден өтерінде Қылышты ата: «менің қабатыма Төлегетайды қойындар, келген адам алдымен Төлекке дұға оқып, сосын маған келсін» деген екен (Бахрамова, 2017).

Қылышты ата (Саид Бурханнидин) XI-XII ғғ. өмір сүрген аса әруақты адам болған деседі. Ел аузында сақталған аңыз бойынша Қылышты ата жанынан өткен не зиярат етуге келген адам көлігінен түсіп, құрмет көрсетпесе, адамның өзі не көлігі майып болады екен. Қылышты атаның әкесі Камалиддин Меккеден келіп, Қырғызент шаһарының билеушісі Әбубәкір Сыддықтың ұрпағы Ілгімағзамның қызына үйленеді. Одан Қылышты ата дүниеге келіп, ол өскенде аспаннан қылыш пен ақбоз ат түсіп, 1001 бәлеге қарсы тұрып жеңерлік қасиетке ие болыпты. Тағы бір аңызда Ілгімағзам қайтыс болған соң оның орнына билеуші болған сайд Бурханнидин алдына уәзірлері мен нөкерлері алдына келгенде қылышы күнге шағылысып, қонған шыбын екіге бөлініп түсе беріпті. Онысы «кімде-кім адал болмаса, жазасы осы» дегені екен. Осыдан бастап Қылышты ата атаныпты деседі баба тарихын зерттеушілер (Әбдіш, 2018).

Эпиграфиялық мұралар: сипаттама және тәржіма

Шиелі ауданы территориясындағы Оқшы ата қорымындағы ізденіс жұмыстары барысында араб графикасымен жазылып, бейіт басына орнатылған 1 көктас және 1 құлпытас табылды. Екі бейіт те қорымның ескі бөлігі саналатын жағында орналасқан. Оларға нысан 1 және нысан 2 деген атаулар беріліп, тізімге алынды.

Нысан 1 – құлпытас. Құлпытас бейіт басына қойылған. Бейіт қоршалмаған. Бейіт үстіне қалың сексеуіл өсіп, шөп басып қалған. Құлпытас та құмға көміліп, елеусіз болып қалған. Құлпытас бетінде араб графикасымен аса мұқият жазылған жазу сақталған.

Құлпытас бетіндегі жазуды филология ғылымдарының кандидаты Б. Әбжет оқып, транскрипциялады. Жазу мәтіні: «Қанжығалы Бөріғұл Сабырқұл ибн Қазыбай».

Оқшы ата қорымындағы келесі нысан – күйдірілген кірпіштен өріліп қоршалған бейітке орнатылған көктас. Сонымен қатар, бейіттің кіреберіс аузындағы темір есікке кириллица әріптерімен жазу жазылып, көктас орнатылған. Кирилицамен жазылған көктас бетіндегі жазу: «Руы Қонақбай Баеке ұлы Әлтай 1897 – 1974 16/1 Әлтай ұлы Үйсінбай 17/II 1939 – 2006 II/IV».

Көктас бетінде араб әріптерімен жазылған жазу бар. Көктас бетіндегі жазуды филология ғылымдарының кандидаты Б. Әбжет оқып, транскрипциялады.

Жазу мәтіні: «Бисмиллаһи рахмани рахим Ашһаду әннә лә иллаһи иллалаһ уа Ашһаду әннә Мухамадан расул Алла Алтай Дүйсен Байешұлы Қонақбай».

Шиелі жеріндегі Дәуіт ата қорымы да Оқшы ата қорымы секілді ескі және жаңа бөліктерден тұрады. Қорымның ескі бөлігіндегі бейіттер қам кесектерден тұрғызылған. Олардың барлығы дерлік табиғи факторлардың салдарынан мүжіліп, құлап қалған. Ескі бөліктегі бейіттердің барлығына дерлік үстін қалың сексеуіл басып кеткен. Бейіттердің барлығында дерлік қойылған құлпытас не көктастар кездеспеді. Құлпытастар болған жағдайда да олар үйінділердің астында қалса керек. Бейіттердегі үйінділерді аршу мүмкін болмады. Ескі бөліктегі бейіттердің бірінен ғана төртке бөлініп сынған, бетіне араб графикасымен жазу түскен құлпытас табылды. Табылған объектіге Нысан 3 атауы беріліп, тізімге алынды.

Құлпытас бетіндегі жазуды филология ғылымдарының кандидаты Б. Әбжет оқып, транскрипциялады.

Жазу мәтіні: «Бисмилла рахамани рахим Мухаммадулла валад Ескендір хан бай Арыстанбай баласы Мырза Алшын ибн Ахир».

Шиелі ауданындағы Бақты ата мазарының ішкі бөлігінен жартысы ғана сақталған құлпытас табылды. Құлпытастың сақталған бөлігінде араб графикасымен жазылған жазу және бірнеше бұрышты етіп (күн бейнесі?) салынған таңба бар. Құлпытас нысан 4 деген нөмірмен тізімге алынды.

Нысан 4 – құлпытастың бетіндегі жазуды филология ғылымдарының кандидаты Серікбай Қосанов оқып, транскрипциялады.

Жазу мәтіні: «... Рауан болдық Әшхаду анна лә иллаһа (илла Аллах)».

Бақты ата қорымын аралап, зерттеу барысында Бақты ата мазарының жанындағы белгісіз бейіт басынан араб әріптерімен таңбаланған екінші құлпытас табылды. Құлпытастың сақталу деңгейі жақсы, сынбаған. Құлпытас Нысан 5 деген атаумен тізімге алынды. Бірақ, бетіндегі жазулар не тереңірек ойылмаған немесе уақыт өте келе табиғи факторлар салдарынан өшіріле бастаған.

Нысан 5 – құлпытастың бетіндегі жазуды филология ғылымдарының кандидаты Серікбай Қосанов оқып, транскрипциялады.

Жазу мәтіні: «Бисмиллаһи рахмани рахим! Лә иләһа илла Аллах Мухаммадан расул Аллах Бисмиллаһи рахмани рахим. Құл ағузу. Қутлух қылсын Аллах».

Хорасан ата кешенінде (географиялық координаттары 43°45'610'' N 67°04'265'' E) Абдул-Жалил бабтан басқа оның ұлы Сұлтан Хусейн ата және ұрпағы Құдайқұл қожа жатыр. Хорасан атаға зиярат етіп келушілер алдымен Хусейн атаға содан кейін Хорасан атаға зиярат етеді. Аңыз бойынша Хорасан ата алдымен баласы Хусейнге зиярат етуді өсиеттеп, айтқан екен (Айтжанов, 2014б). Хорасан ата қорымын аралау барысында ескі қам кірпіштен соғылып, бүгінде құлап, қирандылары ғана қалған зираттардың көп екендігі анықталды. Бірақ, олардың ешқайсының басынан құлпытас табылмады. Ертеректе қойылған құлпытастар үйінділер астында қалып қойған болса керек.

Төлегетай-Қылышты ата кешені де ертеректен адамдарды жерлеген зираттары көп үлкен қорымға айналған. Бірақ ізденіс жұмыстары көрсеткеніндей бұл жерден де эпиграфикалық материалдар, яғни, ескі жазуы бар құлпытастар

табылмады. Оның себебі, әрине, бірінші кезекте, құлпытастар болған жағдайда да олардың үйінділер астында қалу мүмкіндігі.

Зерттеу жұмыстары барысында Жаңақорған ауданы Төңкеріс ауылының батысына қарай 24 шақырым қашықтықта орналасқан шағын қорымнан ескі зираттар табылды. Ескі зираттардың барлығы дерлік құлап, қирандыға айналған. Осы зираттардың арасынан кейініректе жаңартылып салынған бейіт тіркеуге алынды. Өйткені, қорымдағы осы зираттың басынан 5 құлпытас табылды. Құлпытастар зират үстіне қатар-қатар орналастырылған. Сонымен қатар, зиратқа кирилица әріптерімен теріліп, жаңадан қойылған көктас орнатылған. Көктастағы мәтін: «Жуасбаб Баба Нариман Асантай. Наурызбай Тайбжақ Бай Баласы 798 Ж. Аманша Әбләрі Ибрай. Тәлнәби Зихра Әлмәуіт 1872 Ж. Жантүкүл Ибн Сам Нарим Жұмырғали 1901 ж. Осы кісілердің топырақтары қабірінен құлпытастары мен Алла тағаланың аянымен қасиетті рамазан айында 25.07.2012 ж. Сыр елінің қасиетті Жері Үш тағанға әкелініп қойылды. Белгі Қоюшылар: Айгүл, Жұлдызай» деп жазылған.

Зират басына орнатылған көктасты айналдыра қойылған құлпытастар нысан 6, нысан 7, нысан 8, нысан 9, нысан 10 деген атаулармен есепке алынды.

Нысан 6 – құлпытас. Сақталу деңгейі жақсы. Бетіне араб графикасымен жазу түскен. Құлпытастың бас жағына бірнеше бұрышты етіп таңба салынған. Жазуы анық көрінеді. Нысан 6 – құлпытастың бетіндегі жазуды филология ғылымдарының кандидаты Серікбай Қосанов оқып, транскрипциялады.

Жазу мәтіні: «Жаппас (молла) Есентай Руғы Үңгіт Қойман (қойған?) Есентайұғлы 82 жасында офат. Иллаһи Әмин!».

Нысан 7 – құлпытас. Сақталу деңгейі жақсы. Бетіне араб графикасымен жазу түскен. Жазуы анық көрінеді. Нысан 7 – құлпытастың бетіндегі жазуды филология ғылымдарының кандидаты Серікбай Қосанов оқып, транскрипциялады.

Жазу мәтіні: «Руғы Үңгіт Қырғызбай Қыпшақбай баласы 75 жасында офат болды. Құда рахмет айласын!».

Нысан 8 – құлпытас. Сақталу деңгейі жақсы. Бетіне араб графикасымен жазу түскен. Жазуы анық көрінеді. Нысан 8 – құлпытастың бетіндегі жазуды филология ғылымдарының кандидаты Серікбай Қосанов оқып, транскрипциялады.

Жазу мәтіні: «руғы Жаппас Үңгіт Андағұл Қуан (ыш/дырсын) Сойырғасұғлы 1901 жылда 56 жасында офат болды. Құда рахым айласын!».

Нысан 9 – құлпытас. Сақталу деңгейі жақсы. Бетіне араб графикасымен жазу түскен. Жазуы анық көрінеді. Нысан 9 – құлпытастың бетіндегі жазуды филология ғылымдарының кандидаты Серікбай Қосанов оқып, транскрипциялады.

Жазу мәтіні: «... 1851 Руғы Үңгіт Бұзаубай ... 57 жаста офат болдылар».

Нысан 10 – құлпытас. Сақталу деңгейі жақсы. Бетіне араб графикасымен жазу түскен. Жазуы анық көрінеді. Нысан 9 – құлпытастың бетіндегі жазуды филология ғылымдарының кандидаты Серікбай Қосанов оқып, транскрипциялады.

Жазу мәтіні: «Бұл қабірліктегі мәйіт 1872 жылда Үңгіт руғы Жаппас тайпасының батыр мырза (Жәнібек) суфи Жәнібек інісі 71 жасында офат болыңды».

Қорытынды

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымының маңыздылығын атап өтті. «Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтаңдықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы. Ол – ұлттық бірегейлік негіздерінің басты элементтерінің бірі», – деді Елбасы. Мақалада атап өткендей, расында да, халқымыздың тарихында осынау көркем, рухани, қастерлі жерлеріміздің біртұтас желісі бұрын-соңды жасалған емес. Бұл идеяның түпкі төркіні Алтайдан Арқаға дейін созылып жатқан ұлан-асыр жеріміздегі киелі мекендерді, қасиетті орындарды өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде қалыптастыруды көздейтіні анық. «Қазақстанның киелі жерлерінің картасын жасау», оның бірнеше томнан тұратын энциклопедиялық жинағын шығару мемлекетімізді мәңгілік елге айналдыратын алғышарттардың бірі болмақ. Киелі объектілердің қатарына археологиялық және архитектуралық ескерткіштер, ерекше құрметтелетін діни объектілер, сонымен қатар тарихи тұлғалар мен саяси оқиғалармен байланысты киелі жерлер жатқызылады.

Ғылыми-зерттеу жұмысы нәтижесінде Қызылорда облысының Шиелі және Жаңақорған аудандарындағы мемориалды-сәулет өнерін дамытуға жол ашқан жазба мұралардың бірінен саналатын эпиграфикалық жазбалар тіркеуге алынды. Эпиграфикалық нысандардағы жазулар оқылып, мәтіні қағазға түсірілді.

Зерттеулер нәтижесі Шиелі және Жаңақорған аудандарының территориясындағы ежелгі ескі бейіттердің барлығы дерлік халық қасиетті, киелі деп санайтын әулие кісілер жерленген орындарда, яғни, Оқшы ата, Дәуіт ата, Бақты ата, Хорасан ата, Төлегетай-Қылышты ата қорымдарында орналасқандығын көрсетті. Ол қорымдардағы ескі бейіттер саз кірпіштен тұрғызылып, уақыт өте келе табиғи факторлар салдарынан өзгерістерге ұшыраған, құлаған, қираған. Ескі зираттардың басым бөлігінде ол бейітте кім жерленгендігі туралы дерек беретін құлпытас не көктас сынды белгілер сақталмаған. Екі ауданның территориясынан бетінде жазуы бар 10 құлпытас табылып, тізімге алынды. Суретке түсіріліп, сипаттамасы жасалды. Табылған 10 құлпытастың бетіндегі жазулар араб графикасымен жазылғандығы және оларды оқу барысында бұл құлпытастардың бірнешеуі нақты XIX ғасырда жасалып, зират басына орнатылғандығы белгілі болды. Құлпытас беттеріндегі жазба деректер марқұмның аты-жөні туралы, оның шыққан тегі, яғни руы туралы мәліметтерді жинақтаған. Кейбірінде құлпытасты кім қойғандығы туралы дерек болса, кейбірінде ондай мағлұмат

жоқ. Есесіне араб тілінде кәлима, құран сөздері кескінделіп, кейбірінде марқұмға «күдай рақым айласын» деген сынды тілектер араб әрпімен қазақ тілінде жазылған.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын әзірлеуді тапсыра отырып, өз мақаласында идеяның түпкі мақсатын: «Мәселе еліміздегі ескерткіштерді, ғимараттар мен көне қалаларды қалпына келтіруде тұрған жоқ. Идеяның түпкі төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Яссауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді. Мұның бәрі тұтаса келгенде халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайды», – деп атап көрсетті. Осы бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында жасалып жатқан ғылыми жоба барысында рухани жаңғыру идеясының тарихи-философиялық мәні ашылып, отандық тарихнама Сыр өңіріндегі эпиграфикалық материалдар негізінде жаңа дерек көздерімен толықты деуге болады.

Әдебиеттер

- Айтжанов Б. (2014а). Хорасанға қой айтуы тегін бе? Сыр бойы. 22.03.2014.
- Айтжанов Б., Айтжанов А. (2014б). Изгілікке із ашқан. Айқын. 15.03.2015.
- Аршабеков Т.Т., Жұмабеков Ж.А., Төлеуов Т.С. (2007). Ұлытау-Нұра өңірлерінің тарихи-мәдени ескерткіштері. Қарағанды.
- Әбдіш Ә. (2018). 100 қасиетті орын: Қылышты ата кесенесінің құпиясы. Жаңақорған тынысы. 09.06.2018.
- Бартольд В.В. (1966). Сочинения. Работы по археологии, нумизматике, эпиграфии и этнографии. Москва: Наука.
- Батырбеков А. (2017). Оқшыдағы жеті әулие туралы не білеміз? Сыр бойы. 30.09.2017.
- Бахрамова Г. (2017). Төлегетай-Қылышты ата кешенді мазары. Халық. 07.12.2017.
- Дүйсебай Г. (2018). Киелі әулиелер мазараты. Өскен өңір. 04.08.2018.
- Елеуов Е. (2013). Оқшы ата кесенесі. Ақмешіт апталығы. 03.08.2013.
- Исаева Ұ. (2014). Оқшы ата мазаратындағы тарихи тұлғалар. Қазақстан тарихы (әдістемелік журнал). №8. 17-23 бб.
- Муминов Ә.Қ., Нұрманова А.Ш. (2009). Шақпақ ата жерасты мешіті мен қорымының эпиграфикасы. Алматы: Дай-Пресс.
- Муминов Ә.Қ. (2015). Сейсем ата қорымының араб жазуындағы эпиграфикасы. Астана.
- Мұхаммед Хайдар Дулати. (1999). Тарих-и Рашиди. Алматы: Санат.
- Мұсабаев Ғ., Махмутов А., Айдаров Ғ. (1971). Қазақ эпиграфикасы. Алматы.
- Уәлиханов Ш. (1985). Таңдамалы. Алматы: Жазушы.

References

- Aitzhaov B. (2014a). Horasanga koi aitu tegin be? [How much does a prayer to Khorasan?] Syr boiy. 22.03.2014.
- Aitzhanov B., Aitzhanov A. (2014b). Izgilikke iz ashcan. [Colled to virtue]. Aikyn. 15.03.2014.
- Arshabekov T.T., Zhumabekov Zh.A., Toleuov T.S. (2007). Ulytau-Nura onirlerinin tarihi-madeni eskertkishteri. [Historical and cultural monuments of Ulytau-Nura region]. Karagandy.
- Abdish A. (2018). 100 kasietti oryn: Kylyshy Ata kesenesinin kupiasy. [100 sacred places: mystery of the mausoleum Kylyshy Ata]. Zhanakorgan tynysy. 09.06.2018.

- Bartol'd V.V. (1966). Sochineniya. Raboty po archeologii, numizmatike, epigraphii i ethnographii. [Works. Works on archeology, numismatics, epigraphy and ethnography]. Moskva: Nauka.
- Batyrbekov A. (2017) Okshydagy zheti aulie turaly ne bilemiz? [What do we know about the seven saints buried in the cemetery of Okshy?]. Syr boiy. 30.09.2017.
- Bahramova G. (2017). Toletai-Kylyshy Ata keshendi mazary. [The mausoleum complex Toletai-Kylyshy Ata]. Halyk. 07.12.2017.
- Duisebai G. (2018). Kieli aulieler mazaraty. [Cemetery of Holy]. Oskan onir. 04.08.2018.
- Eleuov E. (2013). Okshy Ata kesenesi. [Mausoleum of Okshy Ata]. Akmeshit aptalygy. 03.08.2013.
- Isaeva U. (2014). Okshy Ata mazaratyndagy tarihi tulgalar. [Historical figures buried in the cemetery of Okshy Ata]. Kazakhstan tarihi (adistemelik zhurnal). №8. 17-23 pp.
- Muminov A.K., Nurmanova A.Sh. (2009). Shakpak Ata zherasty meshiti men korymynyn epigraphikasy. [Epigraphy of the mausoleum and cemetery Shakpak Ata]. Almaty: Dai-Press.
- Muminov A.K. (2015). Seisem Ata korymynyn arab zhazyndagy epigraphikasy. [Arabic epigraphy of Seisem Ata cemetery]. Astana.
- Mukhamed Haidar Dulati. (1999). Tarih-I Rashidi. Almaty: Sanat.
- Musabaev G., Mahmutov A., Aidarov G. (1971). Kazakh epigraphikasy. [Kazakh epigraphy]. Almaty.
- Ualikhanov Sh. (1985). Tandamaly. [Selected works]. Almaty: Zhazushy.